

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ

„ЖАҢА ҰЙЫМ“
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП“
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
„ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
„ЖАҢА ҰЙЫМ“

ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ТОЛЕБИЙСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

29.08.2024 ж.

Жаңаұйым ауылы

ПРИКАЗ

№ 114

**2024 -2025 оқу жылының басталуы және
аяқталуы мерзімдері, сондай-ақ мектептің
9-11 сынып білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы.**

Төлеби аудандық білім бөлімінің 13.08.2024ж № 181-п бұйрығына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуы мынадай мерзімдері
айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек-2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11(12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және
демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан-8 оқу аптасы, күзгі демалыс-күнтізбелік 7 күн(2024 жылғы 28
қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан-8 оқу аптасы қысқы демалыс-күнтізбелік 10 күн(2024 жылғы 30
желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан-10 оқу аптасы, көктемгі демалыс-күнтізбелік 11 күн (2025
жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс-күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16
ақпанды қоса алғанда);

4-тоқсан-8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1)9-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары 2025
жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

3)11-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2025
жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 29
мамыр;

2) Қазақ тілі/ орыс тілі және өзбек тілінде т.б. білім беретін мектептер
үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан,
гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін
-жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе)-2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/ француз/неміс), информатика) 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 10 маусым;

11 сынып оқушылары үшін:

1).Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2025 жылғы 30 мамыр;

2).алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 3 маусым;

3).Қазақ тілі/ орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 6 маусым;

4).таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) 2025 жылғы 12 маусым;

5). өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2025 жылғы 13 маусым;

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



С.У.Ибрагимов